

## Аягөз ауданының Тарлаулы ауылдық округіне ветеринарлық шектеу қою туралы

### **Күшін жойған**

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы N 124 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық Әділет басқармасында 2008 жылғы 4 желтоқсанда N 5-6-79 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 2137 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2010.04.16 N 2137 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 18) тармақшасын және Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағының 9) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Аягөз ауданының **әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аягөз ауданының Тарлаулы ауылдық округі бруцеллез ауруынан қолайсыз мекен деп жарияланын.

2. Аягөз ауданының Тарлаулы ауылдық округі карантинді аймақ деп танылып, 2009 жылға ветеринариялық шектеу қойылсын.

3. Аудандық аумақтық ауылшаруашылық инспекциясының мемлекеттік ветеринарлық бас инспекторына (С. Докуртов) (келісімі бойынша), аудандық санитарлық эпидемиологиялық қадағалау басқармасына (Б. Тлебалдин) (келісімі бойынша), аудандық істер бөліміне (С. Кайпеков) (келісімі бойынша) жеке және заңды тұлғалармен орындауға міндетті ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыруды жүнисілсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Байжановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш реسمи жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *H. Әзімбаев*